



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

№34 (1816)
18 қыркүйек
2021 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

Бельгияда Фараби орталығы ашылады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Тұймебаев Таяу Шығыс мәселелері бойынша сарапшы маман, саясаттанушы, тарихшы, EUobserver интернет-басылымының бас редакторы Курт Дибоффен кездесті.

Әңгіме барысында ректор оқу орны тарихына тоқталып, ҚазҰУ-дың ұлы философ-ғалымы Әбу Насыр әл-Фараби есімімен аталағын әлемдегі бірден-бір университет екенін атап өтті. «Бұл біз үшін ерекше мақтандың әрі үлкен жауапкершілік. Ұлы ойшыл заманынан бері 11 ғасыр өтседе де, әл-Фараби ілімі бүтінгі қоғамда да мәні мен мағынасын жойған жоқ», – дей келе, ректор ғұламағалымның еңбектерін жан-жақты зерттеу, талдау, кейінгі жастарға насиҳаттау бағытында атқарылып жатқан ауқымды шараларды тілге тиек етті.

Университеттегі 1993 жылы құрылған Әл-Фараби орталығы фарабитану мен жалпы қазақстандық ғылымның дамуына



қомақты үлес қосып келеді. Орталық жыл өткен сайын шетелдік зерттеу орталықтарымен байланысты нығайтып, Фараби мұраларын түтінүсқа – араб тілінен қазақ тіліне аударып, арнайы кітаптар шығаруда. Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдық мерейтойына орай, әлем ғалымдарының қатысуымен конфе-

ренциялар үйімдестірылды. Философия докторы, белгілі тарихшы, арабтанушы Курт Дибоф өз кезегінде Әбу Насыр әл-Фараби еңбектерін бірлесіп зерттеуге үлкен ықылас танытты. Таяу Шығыстағы қақтығыстар тақырыбына көптеген мақалалар мен кітаптар арнаған сарапшы маман Қазақстанның жетекші

университетінің ғалымдарымен ынтымақтастыққа аса мүдделі екенін жеткізді.

Кездесуде тараптар Бельгияда Әл-Фараби орталығын ашу мен тиімді әрпітестіктің маңызды сурақтарын талқылаш, алдағы нақты қадамдарды анықтады.

Әйгерім ЭЛІМБЕК

Ректор зерттеушілерге сәттілік тіледі

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Тұймебаев Саяси қығын-сүргін құрбандағын ақтау жөніндегі Алматы қалалық мемлекеттік комиссия құрамындағы университет ғалымдарымен кездесті. Басқосуда зерттеу барысы сөз болып, ғалымдарың ғылыми жұмысына жан-жақты қолдау көрсету жолдары талқыланды.

Оқу орнының басшысы Жансейіт Тұймебаев алдымен ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, мемлекеттік деңгейде қол-



ға алынған жобаның маңыздылығына айрықша мән берді. Саяси қығын-сүргін құрбандағын саяси ақтауарқылы тарихтағы ақтаңдақтардың орнын толтыру жұмыстарының ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы

Жұздесуде ғалымдар Алматының мамандандырылған және мемлекеттік мұрағат мекемелерінде бүрын қупия болған құжаттамамен жұмыс істей ерекшеліктеріне тоқталып, алдағы жоспарлармен бөлісті. Комиссия міндеттеріне мұрағат көздері мен тақырыптық материалдарды анықтау және заттық зерделеу кіреді. Нәтижелер республикалық комиссия қарауына ұсынылады. Жұмыс қорытындылары ғылыми мақалалар мен құжаттар жинақтарында топтастырылмақ.

Жиын соңында ректор зерттеушілерге сәттілік тілеп, ғалым еңбектері отандық тарихының ғылымина тың серпіліс әкелеріне зор сенім білдірді.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

Қуандық САРАРОВ:

Тәуелсіз елде еңбек ету – әрбір ұстаз үшін үлкен мәртебе



Салтанат БАЙҚОШҚАРОВА:

«Ертең...» дегенді ұнатпаймын



Жасанды бұйымға жол бермейтін голограмма

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білім ордасының табалдырығыны алғаш аттаған 1-курс білімгерлерін студенттер қатарына қабылдау рәсімі өтті.

Студенттер қатарына қабылданды



Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсанаңда үлкен өмірге қадам басқан жас өрендерді ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Тұймебаев салтанатты жағдайда құттықтады. Егемен елімізде жастардың тәрбиесі мен біліміне айрықша маңыз берілеттін айта келе, ректор Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Еркін елде өскен үрпақтың рухы әрдайым биік болуы тиіс. Жастары – жалын жүркөті, өршіл намысты, биік рухты болса – ол елдің еңсесі де биік болады» деген қанатты сездерін мысалға келтірді. Жастарға қарата елдің болашағы мен иғілігі білімді үрпақтың қолында екенін баса айтты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеудің берік негізі» атты Қазақстан халқына арналған биылғы жолдауында әр азamatтың тәуелсіздік иғілігін сезіне алуына, оның ішінде жастардың болашаққа нық сеніммен қарауына маңыз бергенін атап өтті.

Сондай-ақ оқу орнының басшысы қарашаңрақта білім, ғылым, өнер және спортпен айналысу үшін заман талаптарына сай барлық жағдай жасалғанын айттып, 1 қыркүйектен бастап шәкіртқа ғылыми 20 пайызға өскенін хабарлады.

Жалғасы 2-бетте

Студенттер қатарына қабылданды

Соңы.
Басы 1-бетте

Студенттер өз кезегінде елге, жерге, тілге деген құрметті бійкүстап, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті деген атқа лайық болуға және бәсекеге қабілетті маман болып, еліміздің көркөюі үшін адал қызмет етуға айт берді.

Механика-математика факультетінің 1-курс студенті Шапағат Мұсірепова: «Еліміздің ең үздік университеттің білім грантына ие болғаным аса қуаныштымын. ҚазҰУ студенті атану мен үшін үлкен мәртебе. Мұнда келгелі бойымды ерекше сезім билеп, қа-



лашықтың әсем келбетіне таңданумен келемін. Үлкен жауапкершілікті сезінемін және сенімді ақтауга бар күш-жігерімді саламын», – деп өз әсерімен белісті.

Мерекелік жиын со-

нында білімгерлер «Гаудемус» халықаралық студенттер әнуранын хормен шырқап, естелік суретке түсти.

Әйтерім ӘЛІМБЕК

Оқу орындарында жаңалық көп

Қазақстандық жоғары оқу орындарында жаңа оқу аудиториялары, зертханалар мен орталықтар ашылды. Олар Жапония, Латвия, Эстония, Ресей және Беларусь университеттегі рімен бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізе бастады. Сондай-ақ ҚР БФМ ведомстволық бағынышты университеттер материалдық-техникалық базаны жаңартып, студенттерді оқыту үшін жаңа жабдықтар сатып алды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттінде мультимедиялық аудиториялар мен инженерлік жобалау орталығы ашылды. Олар білім алушыларға цифрландыру және автоматтандыру саласында жаңа жобалар жасауға мүмкіндік беретін технологиялармен жабдықталған.

«Оқыту деңгейін арттыру және оқыту үдерістерін жаңарту үшін бізге жаңа технологияларды енгізу қажет. Интерактивті технологиялармен жабдықталған мультимедиялық оқу аудиториялары оқу процесіндең қызығушылықты арттырып, теориялық емес, практикалық білім алуға баса назар аударады», – деді ҚазҰУ Ректоры – Басқарма Төрағасы Жансейт Түймебаев.

Ал Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеттінде химия және физика мамандарын оқытуға арналған жаңа зертханалар ашылды. Олар шетелдік университеттермен бірлескен зерттеулер жүргізеді. Оқу кабинеттері материалдардың радиа-



циялық турақтылығы, нанотехнология немесе кванттық-химиялық мөдальдеу сияқты ғылыми жұмыстар мен зерттеулер жүргізуге арналған технологиялармен жабдықталған.

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ университеттінің қабыргасында жаңа оқу орталықтары пайда болды. Су шаруашылығы және супайдалану саласындағы құзыреттер мен технологиялар трансфері орталығы – Қазақстандағы санаулы орталықтардың бірі. Ол гидравлика, гидрохимия, суды кешенді басқару, жылыту және желдету зертханаларынан тұрады. Орталық қызметкерлері автомат-

таңдырылған жылу пунктін жасап, оны университеттің оқуға аудиторияларын орнатты. Нәтижесінде ЖОО-да жылу энергиясын тұтыну 20 пайыза дейін төмendetтілді.

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық

институтында ақпараттық технологиялар орталығы ашылды. Ол заманауи конструкторлармен, роботтар жынытығымен, 3D принтерімен және басқа технологиялармен жабдықталған. Орталықта робототехника, алгоритмдеу және бағдарламалу негіздері бойынша практикалық сабактар өткізіледі. Осылайша ЖОО студенттердің цифрлық білімін жетілдіру барысында жұмыс жүргізеді.

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетті бейнедеректермен жұмыс істей үшін бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесін сатып алды. Жабдықтың көмегімен оқытушылар оқу үрдісін онлайн режимінде бақылайды. Сондай-ақ ЖОО-да ерте даму және инклузивті білім беру кабинеттері ашылды. Аудиториялар мультимедиялық жабдықтармен және университет оқытушылары әзірлеген жаңа әдістемелік оқу материалдарымен, құралдармен жабдықталған.



Оз тілшімізден

КазҰУ-да Алматы қаласы күнін мерекелеу аясында Фараби университеті күні атап өтілді. Ауқымды шара Алматы қалалық кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының қолдауымен үйімдастырылған болашағы зор жастарға арналған Business Day Almaty 3.0 тәжірибелік семинардан бастау алды.

Жаңа мүмкіндіктерге жол

Al-Farabi Bussines school және Тұран университеттімен бірлесіп өткізген онлайн-семинарда спикер ретінде белгілі бизнес-тренерлер, коучтер және кәсіпкерлер сөз сойледі. Олар студенттермен кәсіпкерлік саласында тәжірибеде жинақтаған білімдері және дағдыларымен бөлісті. Шеберлік сынып қатысушылары бизнес-модельдерді құрудағы ең соңғы үрдістер туралы біліп, ӘММ-стратегиясының тиімді құралдау және Amazon, Ebay и



– 2025» бағдарламасы бойынша 512,9 млн теңгеге 162 жоба, оның ішінде 186,4 млн теңгеге инновациялық 56 жоба



курсын іске қосу жоспарлануда. Оның көмегімен студенттер толық-қанды бизнес-модель мен болашақ өнімнің прототипін түсіне алады.

Business Day Almaty аясында ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық көрмесі өтті, оның экспозициясында Қазақстан нарығына енгізуға дайын әзірлемелер ұсынылды. Олардың ішінде наноспутник, наноматериалдар негізіндегі датчиктер, нанобөлшектері бар энергия үнемдітін шамдар, биологиялық белсенді препараттар, физика бойынша бағ-



грант алған «ALMATY Business – 2025» кәсіпкерлік жаңа мүмкіндіктердің ізденіз, байқап көріңіз және жасаңыз, сонда сіз міндетті түрде табысты үрпаққа айналасыз», – деді.

Биыл Алматыда «БЖК



дарламалық кешен, қорғаныс шлемдері және электриклі бар.

Көрме экспонаттарымен Алматы қалалық кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының өкілдері, сондай-ақ «Qoldaý» орталығынан ғылыми-зерттеу институттары мен факультеттерінің зертханаларында жасалған импорттық аналогтарды толығымен алмастыра алатын отандық өндірістің сапалы өнімін жоғары бағалады.

Гүл БАЯНДИНА

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы 2021 жылды – Тәуелсіздіктің 30 жылдығы ретінде жариялады. 1991 жылы Қазақстан егемен ел атанды. Тәуелсіздік – кез келген елдің ең үлкен құндылығы. Тәуелсіздіктің арқасында еліміз емін-еркін дамиды деп нақты айтуымызға болады. Еліміздің Тұғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың саралы басшылығымен елімізде көптеген ауқымды істер жүзеге асырылды. Шекарамызыды шегелеп, іргемізді бекітіп, дүниежүзіне белгілі мемлекет болып, өз орнымызды таба білдік. Қазіргі танда Қазақстан 140-тан астам мемлекетпен дипломатиялық тығыз байланыста.

Тәуелсіздік жылдарында Салының тарихының төсінде жаңа астанамыз – Нұр-Султан қаласы салынды, сонымен қоса, бүрінгі тарихымыз жаңарып, Түркістан қайта тулемді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Казакстан халқына бірінші үн-

Университетіміздің дүние-жузілік рейтингі QS көрсеткіші бойынша өткен 2019 жылмен салыстырғанда «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» пәні бойынша 351-ден 257-ші орынға көтеріліп, оң нәтижеге қол жеткізілді.



Құандық САРАРОВ,
биология ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА Құрметті мүшесі

Тәуелсіз елде еңбек ету – әрбір ұстаз үшін үлкен мәртебе

деуінде сабактастыққа, адальдыққа, прогресске бағытталған реформаны негізгө алып дамытынымызды нақ белгіледі. Бұл бағытта Үлт жоспары және Бес институттық реформаны негізгі бағдар ретінде ұстануымыз қажет деп көрсетті. Осы жылдарда білім, ғылым салалары жедел дамып, бөлінген қаражаттар жылдан-жылға қоғаюде.

дан-жылға көсілді. Тәуелсіздік жылдарындағы білім және ғылымның дамуы. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың басшылығымен 1993 жылдың 11 қарашасында «Болашақ» халықаралық стипендиясы белгіленді. Алғаш рет 1994 жылы 187 қазақстандық студент әлемнің 14 елінің жоғары окуорындарына жол тартты. Елімізде 1992 жылы Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі құрылды. 2001 жылы ғылым туралы жаңа заң қабылданды. Биотехнология және нанотехнология салалары бойынша ірі үлттық зертханалар, ЖОО-ның қасынан жаңа инженерлік зертханалар ашыла бастады.

ашыла бастады.

87 жылдық тарихы бар Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, оның құрамында биология және биотехнология факультеті тәуелсіздік жылдарында аса улкен жетістіктеге жетті. Егемендік алғаннан кейінгі жылдары университеттімізде белгілі ірі ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері басшылық етті. Атап айттын болсақ, экономика ғылыминың докторы, профессор, ҚР YFA академигі К.Нәрібаев, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР YFA академигі Т.Қожамқұлов, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР YFA академигі F.Мұтанов. Қазіргі таңда университеттіміздің түлегі, филология ғылыминың докторы, профессор, қоғам және мемлекет қайраткері Ж.Тұймебаев басшылық

Сонымен, 2020 жылы QS World University Ranking әлемдік рейтингілердің нәтижелері бойынша қазақстандық университет (КазҰУ) әлемдегі ең үздік университеттер тізімінде 165-ші орынға ие болды. Бұл топта ТМД елдерінен тек М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетті ғана бар. Бұл жетістіктер университет басшылығының профессор-окытушылар үйімінің жемісі деп есептеймін. Осы жылдар ішінде университет биология және биотехнология саласында білім беру және ғылымды дамытудың бағдарламасы жасалған.

Биология және биотехнология факультеті Қазақ ұлттық университетінің құрамында алғашық ашылған, 1934 жылдан бастап әртурлі бағыттағы биолог мамандарды даярлауда үлкен үлес қосып келеді. Тәуелсіздік жылдарында биология және биотехнология факультетін басқарған ғалымдар: биология ғылыминың докторы, профессор, YFA академигі М.Шигаева, биология ғылыминың докторы, профессор, YFA академигі Р.Берсімбаев, биология ғылыминың докторы, профессор, ҚҰЖА академигі, YFA Құрметті академигі Н.Мухитдинов, биология ғылыминың докторы, профессор, ҚҰЖА академигі А.Жұбанова, биология ғылыминың докторы, профессор, ҚҰЖА академигі, YFA Құрметті академигі К.Сапаров, биология ғылыминың докторы, профессор Т.Шалахметова, биология ғылыминың докторы, профессор, ҚҰЖА академигі А.Қанаев, биология ғылыминың докторы, профессор, YFA академигі Б.Заядан. Биология факультетінің негізін қалаған атақты ірі ғалымдар мен устаздар: А.Бартенов, П.Мищенко, А.Домбровский, Т.Дарқанбаев, Н.Хусаинова, В.Корнилова, Б.Тарабаева, Г.Бияшев, Т.Мәсенов, И.Байтулин, В.Митрофанов, В.Фурсов, Ф.Ха-

Биология жиже биотехноло-

төрт кафедра бар. Солардың ішінде Биоалуантурлік және биоресурстар кафедрасы сапалы білім беру саласында үздіксіз еңбектенуде. Соның көрінісі ретінде 2020/21 оку жылында 12 халықаралық және отандық ғылыми жобалар орындалуда, олардың жалпы сомасы – 207 млн теңге. Ғылыми жұмыстар Scopus және Web of Science бағдарламаларында 30 мақала жарияланды, оның 13-і 1-2 квартиль журналдарында жарияланды.

Кафедра құрамында заманауи зоология, аквариаль, омыртқалылар, гербарий қоры, ихтиопатология және ихтиотрофология зертханалары жұмыс істеп тұр. Кафедрада «Биология», «Геоботаника», «Балық шаруашылығы және өндірістік балық аулау» мамандықтары бойынша 52 докторант дайындалуда. Олар 2020/21 оқу жылдары Scopus және Web of Science-те индекстелген 18-ден астам ғылыми

мақала жариялады.

Кафедра студенттері мен магистранттары Қазақстанның жетекші ғылыми-зерттеу институттары мен зертханаларында өндірістік тәжірибеден өтеді: Биоинженерия және регенеративті медицина зертханалары, Үлттық зертхана (Назарбаев университеті, Астана қ.), Ботаника және фитоинтродукция институты (Алматы), Жалпы генетика институты және цитология (Алматы), Гидробиология және экология институты (Алматы), Зоология институты (Алматы), Ғылыми биотехнологиялық орталық (Астана) және т.б.

Кафедра шетелдердің ғылыми-зерттеу институттарымен және университеттерімен тығыз қарым-қатынаста: М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің зоологиялық мұражайы (Ресей), Санкт-Петербург университетімен, Дунай ғылыми-зерттеу институты (Будапешт, Венгрия), Хопштайнер ғылыми орталығы (АҚШ), Оттава университеті (Канада), Пьер де Жарди университетегі

ситеті (Германия), University College London (UCL), Мичиган мемлекеттік университеті (АҚШ), Оснабрук университетіндегі Ботаникалық бақ (Германия) және т.б. ғылыми-зерттеу мемлекеттік университеті (Ресей), сондай-ақ, басқа да ғылыми-зерттеу институттары мен университеттерімен байланыс орнатуда.

Кафедраның фылыми зерттеу жұмыстарының негізі Қазақстанның өсімдіктер мен жануарлардың биоалуантурлілігі мен биоресурстарына және экологиясына бағытталған. Кафедра менгерушісі, б.ғ.д., профессор М.Құрманбаеванаң фылыми зерттеу жұмыстары екі жобаның аясында жүргізіледі және жетекшілік етеді; «Қазақстанның он тустығі мен оңтустық-шығысында биоалуантурлілік пен топырақтың құнарлылығын сақтауда көпжылдық бидайды егіншілік мәдениетіне енгізу» және биоалуантурлілікті сақтау мақсатында *Hedysarum theinum* Krasnob (Fabaceae Lindl) өсімдігінің ботаникалық және молекулалық-генетикалық ерекшеліктерін зерттей.

Професор Ш.Шалахметовың жетекшілігімен жасуша биологиясы және экотоксикология бойынша ғылыми мектебі бар, б.ғ.д., профессор С.Нұртазиннің ғылыми зерттеу бағыты жетекшілігімен Қазақстанның күргақ аумақтарындағы зоналық және интразональды биотоптардың өзгеру тенденцияларын экожүйелік зерттеу, б.ғ.д., профессор Қ.Сапаровтың ғылыми зерттеуі әртүрлі биотопта мекендейтін омыртқалылардың өкпелерінің морфологиялық тұрғыдан бейімделуіне бағытталған. Профессор Н.Мухитдиновтің ғылыми зерттеу жұмыстары өсімдіктер биоморфологиясына арналған. Кафедра доценті, профессор Н.Мамиловтың жетекшілігімен гидробионттардың экологиясы, морфологиясы, систематикасы зерттеліп келеді. Доцент С.Көбекегеннованың жетекшілігімен Қазақстанның балық-

лыларының экоморфологиясы доцент Н.Ахтаева жетекшілігімен экологиялық морфология және өсімдіктер анатомиясы зерттелуде.

Фылыми-зерттеу қызметтінің нәтижелері бойынша кафедрагызыметкерлері биыл Қазақстан Республикасының сөгіз патентінде және төрт авторлық қуәлікке ие болды. Биоалуантурлілік және биоресурстар кафедрасының докторанттары мен оқытушылары Эділ Құсманқазинов және Назерке Бижанова Халықаралық спорт, білім және ғылым орталығы Genius «ТМД жастары арасындағы ең үздік жас ғалым» жобасын бойынша «ТМД-ның үздік жас ғалымы – 2021» төсбелгісімен және халықаралық конференциядағы «XXI ғасырдағы білім және ғылым» алғыс хатынен марапатталды. Кафедра оқытушысы, б.ғ.к. Дамира Юсаева 2020 жылдың соңында Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік» қоғамдық алтын медалімен марапатталды.

Өзім 1964 жылы С.М.Кироп атындағы Қазақ мемлекеттік университеттің биология факультетіне оқуға түсіп, оны 1969 жылы тәмамдап, Цитология және гистология кафедрасында тағылым-гер-зерттеуші ретінде биология факультетіне жұмысқа алынды. Осылайша 1970 жылдан бері педагогикалық-ғылыми қызметтім басталып, осы күнгө дейін Эл-Фараби атындағы Қазақ үлттых университеттің енбек етіп келе мін. 1982 жылы М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеттінде кандидаттық 2003 жылы докторлық диссертациямды қорғадым. 2003-06 жылдары Эл-Фараби атындағы Қазақ үлттых университетті биология факультетінің деканы болыптың қызмет атқардым. Қазақстанда және дүниежүзіндегі бірінші болыптың электронды микроскоп деңгейінде экологиялық және табигат факторларының, жануарлар өкепелерінің нәзік құрылышына асерін аныктап, осы арқылы экологиялық морфологияға және салыстырмалы цитологияға үлесімді қостым. 185 ғылыми енбектін, оның ішінде екі монографияя 17 оқулық пен оқуқұралдарының авторымын және жетекшілігіммен 10 ғылым кандидаты мен ғылым докторларын және 40-тан аса ғылым магистрін дайындашықтыйм. Міне, елу жылдан аса уақыттан бері үлгагатты үстаз ата-нып, шәкірттерімді білімнің қайнар майданында жаңы ғылыми-техникалық

нар көзімен сусындағы келемін. Шәкірттерім Қазақстан ЖОО-ларында, ғылыми-зерттеу институттарында, білім салаларында табысты еңбек етуде. Онымен қоса, қоғамдық жұмыстарға да белсene қатысып, факультеттің партия үжымынын хатшысы, аудандық партия комитеттің мүшесі болып, халық长久 аянбай қызмет жасап келемін. Білім мен ғылым жолындағы қоғамдағы белсенділіктер бағаланып, көптеген марарапттарға ие болдым. Осының барлығы да егемен қоғамның бейбітшілігі мен тыныштығы және білім мен ғылымға деген құрметті аясында болып жатыр. Тәуелсіз елде еңбек ету әрбір үстазға үлкен мәртебе деп есептеймін. Біз тәрбиелеген жастар елдің тірері болсын, біздің жол оларға өнеге болып, еліміздегенде

– Салтанат Берденқызы, ең алдымен сіздің осындай биіктегін көрініңізге мұрындық болған үстаздарыңыз туралы айтып өтсөңіз.

– Ерен еңбегімен, білікті маман ретінде есімде ерек қалған үстаздарымның бірі – академик, фалым Қазис Тәшенов. Ол кісі өте білімді әрі интеллигент еді. Физиология институтының директоры болды. Мен сол кісіні өзіме улті тұттым. Биология факультетінің Адам және жануарлар физиологиясы кафедрасын тамамдағанымын. Алғашқы екі жылда жалпы білім берілді де, ушінші курстан бастап маман даярлау курстары жүргізілді. Кафедраны орыс тілінде аяқтадым. Сол уақыттағы физиология институтында түрлі жан-жануарларға жасалатын ота, тәжірибелерді үстазыммен бірге атқардым. Ол кісі білімділігімен ғана емес, адами қасиеттерімен де маман бо-



Салтанат БАЙҚОШҚАРОВА, «Экомед» адам репродукциясы клиникалары жөлісінің ғылыми директоры, профессор:

«Ертең...» дегенді үннатпаймын

лып қалыптасуыма көп септігін тигізді. Кандидаттық, докторлық қорғағанымда қатысып, әрдайым қолдап жүретін. Сонда үстазым: «Докторлықты сен қорғағанда кім алады?» – деп шабыттандырып, арқаландырып қоятын. «Тас тускен жеріне ауыр» демекші, Қазис Тәшенов, екіншік қарай, екі жыл бұрын өмірден озды. Асылы, фалым, елге үстаз боларлық жаңдар сол кісідей болса екен дер едім.

Дара үстазымның тағы бірі – Қайырбек Рымжанов. Ол кісі де үлкен фалым, биология ғылыминың докторы, академик, профессор. Кейіннен кандидаттық және докторлық диссертацияма ғылыми жетекші болды. Ол кісі де өз ісінің шебері әрі рухани құндылықтарымен қатар, бірнеше тілді (француз, неміс т.б.) өз ана тіліндегі белетін. Кезінде Германия, Франция университеттерінде дәріс оқып, сабак берген. Үстазым жан-жақтылығымен ерекшеленетін, мәселен, ол Кенес Одағының бокстан спорт шебері еді.

Одан кейінгі білім жолында білік шындарға шығуыма септігін тигізген үстазымның бірі – биология ғылыминың докторы, академик, профессор, Адам физиологиясы кафедрасының менгерушісі болған Қабдырахман Дүйсенбіұлы. Ол кісі сабырлы да байсалды, көркем мінезді боллатын. Ілімін шәкірттерге сінімді болсын деп, асықпай, аптықпай туындынде, жеткізе билетін.

Үлкен фалым – Төлөген Мәсунұлы да ұлағатты үстаздарымның бірі. Қөнілі балладай таза. Содан да шығар, студенттердің кітүркі бұзақылықтарын байқамағандай кейіп танытып, дәрісін санамызға барынша жеткізуғе тырысатын.

Жоғарыда атап өткен тұлғалар биология, адам физиологиясы салаларына өздеріне тән әдістемелерін ұсына отырып, шәкірттердің маман болып қалыптасуына қосқан үлестері үшін-тәніз. Ғылыми жетістіктерінің өзі бір тәбебе. Мінеки, осындағы сегіз қырлы, бір сырлы ағаларымыздан тәлім-тәрбие, білім алғаным үшін куанамын әрі мақтап тұтамын.

гия мен медицина ғылымының үлкен жетістігі. Ол кездерде бедеулікіті емдеу үшін айлап, жылдан ауруханада жатса, қазір қысқа үақытта балалы болуға болады. Бұрын қабыну процесін ауруханада жатқызып, бір немесе бірнеше ай емдесе, қазір үй жағдайында үш күн, әрі кетсе жеті-он күн емдейді. Ол кезде қыт етсе болды, ауруханада жатуға тұра келетін, ал бүтінде тек шұғыл жағдайда ғана барады.

Қазір медицина күннен-күнге қарыштап дамып бара жатыр. Мәселен, жасанды интеллект, программдық технологиялар және бар. Кезінде мен ашқан әмбриология лабораториясында қарапайым ғана екі микроскоп, бір ламинар, бір инкубатор, бір центрифугамен шектелетін. Соның өзінде ана жатырына бала біту бақытына себепші болды. Өз ісімді жақсы көргендіктен де шығар, әрбір майда-шүйдеге дейін мән беріп, бәрін түбегелі зерттеп, зерделеуге дең қойдым. Қарапайым лабораторияның өзінен бір демде тоғыз айдан кейін нәтиже болып, бала өмірге келді. 1995 жылы қазан айында лабораторияны аштым, келесі жылы 31 шілдеде алғашқы қазақстандық бала дүниене есігін ашты. Өз ісінді шебер білсөн қарапайым технологияның өзімен де нәтижеге жетуге болатынын дәлелдедім.

Ол кездегі медицина ана бақытына жетуге бедеулікіті 85-90 пайызында қөмектесе алмайтын. Сол себепті осы экстракорпоральді үркітандыруды ашу ойыма келді. Бүтінде әмбриология ғылымы тіптен дамып кетті. Бүкіл аппаратура IT-технологиямен үйлескен. Қазіргі әмбриология – космостық, техникалық әмбриология. Түлектер биологың білімі мен дипломын алғып қана қоймай, сонымен қатар дарынды, өз ісін сүйген маман болуы, IT-технологияларын біліу және ағылшын тілін жетік мендерген болуы қажет. Қазір де «Болашақ» бағдарламасымен бітірген азаттарды қызметке алғып жатырымын. Ал ғылым дамуына үлес қосып жатқан биологтардың 50 пайыздан астамы біздің ҚазҰдан шыққан. Қазіргі жаһандану заманының талабы да, деңгейде өзгерді.

– Жыл сайын университеттің көптеген шәкірттер оқуға түсіп, маман болып шығып жатады. Университеттің қадірлі түлегі ретінде оларға айттар тілек-пікіріңіз қандай?

– Қарашаның білім ордасының студенттері қай кезде де талапты әрі талантты. Университеттің оқу-ғылыми базасы бар деп мақтанның айта аламыз. Өйткені жылда бакалаврлық практикасын атқарып жүрген шәкірттеріміз, ғылым магистранттары, PhD докторанттар бар. Соларды біздің салага қарай бейімдеп, ғылыми жұмысына қомектесеміз. Көп нәрсөн үйреніп, игереді. Ең таланттыларын таңдарап, өзімізде қалдыруға тырысамыз. Біз де студент болып, жасыратыны жок, бізде де түрлі кемшілік болды. Бірақ, ен бастысы, бізде ата-анамыздан үйренген талпының, білім, еңбеккорлық болды. Мен еліміздің ертеңін жарқын қыла түсер, ғылымда тың жаңалыққа жетер жастар, өсіп келе жатқынына сенемін.


– Әңгіменізге көп рақмет.

